

Қазақстан – қойнауы байлыққа толы ел. Алайда, қандай кең көзі болмасын, күндердің күнінде таусылатыны белгілі. Сол секілді қазақтың жер асты байлығының да мөлшерінің өңдіру жұмыстары жүргізілген сайын көбейіп жатпағаны ащы да болса, ақиқат. Ешбір мәнсіз емес. Көмір де, темір де, мұнай да, газ да таусылады. Жылдар жылжыған сайын оларды өндіру, тасымалдау қиындай түсуде әрі қымбаттауда. Халық санының өсуі, құние жүзінде өндіріс орындарының санының көбеюі энергияға деген сұранысты еселей түсуде.

қорларын тиімді және рационалды қолдану арқылы тұрғындардың өл ауқатының артуына жеткізетін бұл табысты экономиканың болашақ ұрпақ үшін де, пайдасы орасан зор. Сондай-ақ, «жасыл экономиканы» өркендету арқылы ауыл шаруашылығын дамытуға, өнеркәсіп қалдықтарын тиімді тұтынуға, келік және жол инфрақұрылымын дұрыс жүйелеуге, су ресурстарын оңтайлы игеруге жол ашылады. Зиянды қалдықтардың ауаға таралуы да, осы жүйе нәтижесінде біраз пайызға қысқармақ.

Ел ертеңіне алаңдайтын, халықтың өлеуметтік, экономикалық жағдайына шын жаны ашитын, келешектің жарқын боларына сенім білдіргісі келетін көз келген жан «жасыл экономиканың» кең өркен жаюын қалайтыны хақ. Энергия тұтыну – адамзат тіршілігінің міндетті шартына айналды. Оны қамтамасыз етуде экологиялық таза энергия өндіру заман талабы. Сондықтан да, қанша қиыншылықтар кездессе де, оларды жеңіп, жаңартылған энергия көздерін дамытуға барынша атсалысқанымыз абзал.

Жаңартылатын энергия – таусылмайтын көздерден алынатын энергия. Жаңартылатын энергияны пайдаланудың негізгі қағидаты оны қоршаған ортада үнемі болып жататын процестерден алуға және оны өндірістік өрі тұрмыстық қажеттілікке пайдалануға, шарттылықтарына негізделеді.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының ұжымы, кафедра меңгерушісі Т.А.Базарбаеваның басшылығымен болашақ эколог

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Әлем елдері, соның ішінде Қазақстан да көмір, мұнай, газ, тағы да басқа қорларды пайдалану салдарынан экологиялық проблемаларға ұшырауда. Атмосфераның ең ірі ластаушыларына жылу және электр энергетикасы, мұнай-газ кешені кәсіпорындарының стационарлық көздері жатады. Автомобиль көлігі де ауа ластаушы басты факторлардың бірі болып есептеледі. Әлем елдерін ғана емес, планетамызды да экологиялық апаттан сақтау үшін, үлкен шаралар қолға алынууда. Сондай іргелі жұмыстардың нәтиже беретіні – елімізді «жасыл экономикаға» көшіру.

Ауаның ластануы үлкен көлеңсіздіктердің пайда болуына өкеліп соқтырады. Лас ауамен тыныстаған халық денсаулығының күрт төмендейтіні өз алдына, елдің өлеуметтік жағдайы да тоқырайтыны хақ.

«Жасыл экономика» қалай жұмыс істейді дейсіз ғой, халықаралық міндеттемелерге сөйкес өрі өл игілігіне лайықтап, табиғи шикізат

мамандарын даярлау барысында, кафедрадағы профессор - оқытушылар құрамының негізгі міндеттері сапалы біліммен қатар бакалавр, магистр, докторанттардың ғылыми зерттеу жұмыстарына өте үлкен көңіл бөлуде.

Жаңартылатын энергия көздері ұғымы – күн энергиясын, жел энергиясын, теңіз толқынының, ағыстардың, судың толуының және мұхиттың энергиясын, т.б өлеуеті төмен жылу энергиясын және жаңартылатын энергияның басқа да «жаңа» түрлерін қамтиды. Біздің еліміз жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қолайлы жағдайлары бар елдердің қатарында. Осы тектес тиімділіктерге сүйеніп, «жасыл экономикаға» бөт бұру ертеңімізге, жарқын келешекке деген қадамымызды нығарлай түспек.

АККАЗИН Е.Ө.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының х.ғ.к., аға оқытушысы